

"Сот-сараптама қызметімен, соның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 242 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11188 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 546 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 09.04.2018 № 546 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Сот-сараптама қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сараптама қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің орынбасары Ж.Б. Ешмағамбетовке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

_____ А. Исекешев

13 мамыр 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

5 мамыр 2015 жыл

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 242 бұйрығымен
бекітілген

"Сот-сараптама қызметімен, оның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Сот-сараптама қызметімен, соның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініштер қабылдау мен қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы немесе www.elicense.kz "Е-лицензиялау" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

лицензия беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәтінен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартады;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсету үшін рұқсат берілетін ең ұзақ уақыт – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету электрондық нысаны.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – сот-сараптама қызметімен, соның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиалық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызмет нәтижесі үшін қағаз тасығышта жүгінген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрімен куәландырылады.

Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) жолданады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Сот-сараптама қызметімен, соның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру үшін қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол "Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 471-бабына сәйкес мынаны:

1) лицензия беру кезінде 6 (алты) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

2) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын;

3) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензияны беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, алайда 4 АЕК-тен аспайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз төлем түрінде екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға портал арқылы электрондық сұрау салу берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден

14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібінде, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге өтінішті қабылдау және нәтижелерін беру 13-00 ден 14-30 дейінгі түскі үзіліс уақытымен 9-00 ден 17-30-ға дейін жүзеге асырылады.

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндері, қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметке жүгінген кезде, мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтінішті қабылдау және нәтижесін тапсыру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы стандартының 1-қосымшасына сәйкес, жеке тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің осы стандартының 2-қосымшаға сәйкес, қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны;

3) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалар;

5) еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару туралы бұйрықтардың үзіндісі не атқарған қызмет тізімі; академиялық дәреже, ғылыми атақ беру туралы дипломның көшірмесі;

6) жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі, дипломға қосымшасының көшірмесі.

Портал арқылы:

1) көрсетілетін қызметті алушының электронды цифрлық қолы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрауы;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес, қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер электрондық нысаны;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалардың электрондық көшірмесі;

5) еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының көшірмесі, жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару туралы бұйрықтардың үзіндісі не атқарған қызмет тізімі; академиялық дәреже, ғылыми атақ беру туралы дипломның электрондық көшірмесі;

6) жоғары білімі туралы дипломның электрондық көшірмесі, дипломға электрондық қосымшасының көшірмесі.

Лицензияны қайта ресімдеу жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Қайта ресімдеу туралы өтінішті көрсетілетін қызметті алушы жеке куәлігін ауыстырған сәтінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшасына сәйкес, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

3) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамаларды;

4) тегінің, атының және әкесінің атының ауысуын растайтын құжаттың көшірмесі (түпнұсқасы берілмеген жағдайда салыстыру үшін нотариалды куәландырылған) ұсынады.

Қағаз нысанында ресімделген осыған дейін берілген лицензия қайтарылуға жатады.

Портал арқылы:

1) ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) тегінің, атының және әкесінің атының ауысуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (электронды жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда);

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалардың электрондық көшірмесін ұсынады.

Қағаз нысанында ресімделген осыған дейін берілген лицензия қайта ресімделгенге дейін қайтарылуға жатады.

Лицензия жоғалған, бүлінген кезде көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер осыған дейінгі берілген лицензия қағаз нысанында ресімделген болса):

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) лицензияның телнұсқасын беру туралы өтінішті;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) мерзімді баспасөз басылымдарында лицензияның жоғалғаны туралы жарияланымды растайтын құжаттың көшірмесі;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамаларды ұсынады.

Қағаз нысанында ресімделген осыған дейін берілген лицензия қайтарылуға жатады.

Портал арқылы:

1) ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сұрау салуды;

2) ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін;

3) мерзімді баспасөз басылымдарында лицензияның жоғалғаны туралы жарияланымды растайтын құжаттың электрондық көшірмесін;

4) наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша мәліметтерді көрсете отырып, оларды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалардың электрондық көшірмесін ұсынады.

Қағаз нысанында ресімделген осыған дейін берілген лицензия, оны қайта ресімдегенге дейін қайтарылуға жатады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығы туралы мәліметтердің болуы не жоқтығы туралы, лицензиясы туралы мәліметті көрсетілген қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілген қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиялардың қатарына кіретін мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметтерді алушының келісімін, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, алады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсыру барысында:

мемлекеттік қызметті берушіге (арнайы немесе пошта байланысы арқылы) – құжаттардың толық пакетін қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы оның көшірмесіне белгі салу - өтінішті қағаз тасымалдағышта қабылдауды растау болып табылады;

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұраудың қабылданғандығы туралы мінбе "статус", сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу мерзімі мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

10. Бас тарту негіздемелері:

1) субъектілердің осы санатына Қазақстан Республикасының заңдарымен қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтінішті берген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленбесе;

3) мемлекеттік қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

4) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне қатысты сот шешімі болса;

5) сот орындаушысының ұсынысы негізінде мемлекеттік қызметті алушының лицензияны беруге уақытша тыйым салса.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көшесі, № 8-үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 13-кіреберіс мекен-жайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы қабылданады.

Шағымда жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекен-жайы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгіну кезінде шағымдану реті туралы ақпаратты бірегей байланыс-орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы шағымды жіберу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді (жеткізілу, тіркелу, орындалу туралы белгі, қарастыру жөніндегі немесе қарастырудан бас тарту туралы жауап) өңдеу кезінде жаңартылатын өтініштер туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

4. Мемлекеттік көрсетілетін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет ерекшеліктері ескеріліп қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.adilet.gov.kz, интернет-ресурсында орналастырылған.

14. ЭЦҚ бар болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинет", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы 1414, 8 800 080 7777 қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары мыналар: 8 (7172) 24-07-49, 24-12-91, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

"Сот-сараптама қызметімен,
соның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және
сот-психиатриялық
сараптамалармен
айналысуға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алуға өтініші

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін) жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____

(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы _____

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы,

(елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің

лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны

құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді; өтініш

беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік

қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген

жағдайда).

Жеке тұлға _____

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны Толтыру күні:

20__ жылғы " __ " _____

_____ "Сот-сараптама қызметімен,
соның ішінде сот-медициналық,
сот-наркологиялық және
сот-психиатриялық
сараптамалармен
айналысуға лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша
Нысан

**Қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары туралы
ақпаратты қамтитын мәліметтер**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.03.2017 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЖСН _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мынадай нормативтік құқықтық актілер бойынша біліктілік емтихандарын тапсырғанын растайтын біліктілік куәлігінің болуы: Қазақстан Республикасының

Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі,

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Қазақстан

Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген біліктілік куәлігінің/біліктілік куәлігіне қосымшаның нөмірі	Біліктілік куәлігінің/біліктілік куәлігінің қосымшасының берілген күні	Сот сараптамасы бойынша мамандығы (біліктілік куәлігі)

"Сот-сараптама қызметімен, соның ішінде сот-медициналық, сот-наркологиялық және сот-психиатриялық сараптамалармен айналысуға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша
Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

жүзеге асыруға

20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын) қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз

тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша

(тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші

тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша

берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

б) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге

қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға
сәт тыйым

салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні
және жарамды

болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе)
лицензияға

қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен
қорғалатын құпияны

құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін
береді; өтініш

беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті
электрондық цифрлік

қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары
арқылы жүгінген

жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____